

МКҚК «Шұғыла» бөбекжай-бақшасы

«Шынықтырам денемді»

кіші топтар арасында спорттық ойын-сауық

Тәрбиеші: Кусмагамбетова У.Р.

Алекешева А.М.

2023-2024 оқу жылы

«Шынықтырам денемді» (спорттық ойын- сауық)

Мақсаты:

Балалардың бойындағы спортқа деген қызығушылығын арттыру.

Спорттағы достық қарым- қатынасқа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалардың денсаулығын нығайту, қимыл- қозғалыс мәдениетін қалыптастыру.

Әдіс: ойын, жаттығу жасау, секіру, жүгіру.

Жүру барысы:

- Сәлеметсіздер ме құрметті қоңақтар, бүлдіршіндер! Бүгінгі өткелі тұрған «Көңілді старт» атты спорттық ойын сауығымызға қош келдіңіздер!

- Ендеше спорттық ойын- сауығымызды бастамас бұрын екі топқа бөлініп алайық.

«Шымырлар» мен «Күштілер» тобы.

- Алдымен жалаушалармен жаттығу жасап, денемізді қыздырып алайық.

Енді мен спорттық ойын- сауықтың кезеңдерімен таныстырып өтейін:

1.« Кім жылдам» кезеңі.

2. « Кім ұқыпты » кезеңі.

3.«Күлімде, Күн» кезеңі.

4.« Шынығайық шымыр болайық » кезеңі.

- Сайысымызды бастаймыз

1-ші кезең « Кім жылдам » ойыны.

Ойын шарты:

Кедергілердің арасымен өтіп, межені айналып, қайтадан жүгіріп келу. Ойын әр топтағы барлық бала қатысқанша жалғасады.

- Бәрекелді балалар не деген шапшаңсыңдар!

2- кезең. Келесі ойынымыз « Кім ұқыпты » ойыны.

Шартымен таныстырып өтейін:

Шығыршықтан секіріп, жерде жатқан көбелектерді жоғарыда тұрған шарға оралған жіпке, аяқтың ұшын көтеріп, қолдарымызды созып жердегі көбелекті жіпке жабыстыру.

3-кезең. Ойнайық та, ойлайықта ойнайық. Күшімізді көрсетейік, сынайық деп «Күлімде, Күн» ойынын ойнайық.

Ойын шарты:

Кедергі тунель арасымен өтіп, шеңберде, шашылып жатқан қыстырғыштарды пайдаланып күн бейнесін құрастыру.

- Жарайсыңдар балалар қандай әдемі Күн!

4- ші кезең. « Шынығайық шымыр болайық » ойыны.

Ойын шарты: Мына қолымыздағы күрекке салынған допты жерге түсірмей кедергі арасымен өтіп түсіне қарай шелекке салу. Мысалыға қызыл допты, қызыл шелекке салады.

- Балалар сендер бүгінгі спорттық ойынға белсенді атсалыстыңдар. Балалар жеңістерін құтты болсын. Әрқашан биіктерден көрне беріңдер.
- Осымен «Шынықтырам денемді» атты спорттық ойын сауығымыз аяқталды. Баршаңызға рахмет.



